



ЕмбіМұнайГаз
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Интеграцияланған Басқару Жүйесі

АО "ЭмбаМунайГаз"


ОРИГИНАЛ

**«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-НЫҢ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ,
ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ
ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ
ЕМГ-С-105-01**

**«Ембімұнайгаз»
Акционерлік қоғамы**

**Атырау қаласы
2024 жыл**

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздік саласындағы саясаты

Саясат	Код: ЕМГ-С-105-01	Басылым 2	3 беттің 2-шісі
Дайындаған: Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшысының м.а.  Каримов А.Н. «31» 01 2024 ж.	«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма шешімімен бекітілген Хаттама № <u>7</u> « <u>18</u> » <u>03</u> 2024 ж.		

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметкерлер мен қоғам алдындағы жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және өндірістік арақаттанушылықтың алдын алу үшін жауапкершілікті толықтай сезінеді және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау өзінің қызметтерінің негізгі басымдықтарына жатқызады.


Қоғам, көмірсутектерді барлау, өндіру, оларды тасымалдау мен өндеуден бастап мамандандырылған сервистік қызметтер көрсетуге дейінгі толық өндірістік циклді жүзеге асыра отырып, өндірістік қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына сәйкес келуге ұмтылады және қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік (бұдан әрі – ҚжЕК, ӨжӨҚ) саласындағы басқару жүйесін өндірісті тиімді басқарудың басты элементі ретінде тұрақты түрде жетілдіруге бағытталған.

Негізгі мақсаттары:

- Қызметкерлердің және қоршаған адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау;
- Активтердің тұтастылығын және жабдықтың сенімділігін қамтамасыз ету;

Негізгі қағидалары:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, Қоғамның ҚжЕК, ӨжӨҚ саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- әлемдік озық тәжірибенің үздік жетістіктерінің негізінде ҚжЕК, ӨжӨҚ саласындағы басқару жүйесін үздіксіз дамыту және жетілдіру;
- өндірістік жарақаттанушылықтың, кәсіби аурулардың, апаттылықтың және қоршаған ортаға теріс әсер етудің көрсеткіштерін бұлжытпай төмендетуге бағытталған, ҚжЕК, ӨжӨҚ саласындағы мақсаттар қою;
- ҚжЕК, ӨжӨҚ саласындағы қызметкерлердің корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін қалыптастыру;
- ҚжЕК, ӨжӨҚ талаптарын сақтау үшін Қоғамның әрбір қызметкерінің дербес жауапкершілігі;
- Қоғам барлық деңгейлеріндегі басшылардың ҚжЕК, ӨжӨҚ саласындағы бағдарламаларды іске асырудағы көшбасшылық пен берілгендік;
- Қоғам қызметкерлерін ҚжЕК, ӨжӨҚ бойынша іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде жұмылдыру;
- өндірістік қызметтің барлық кезеңдерінде ҚжЕК, ӨжӨҚ саласындағы тәуекелдерді анықтау және басқару;
- барлық жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулар, апаттар мен оқиғаларды, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен корпоративтік құжаттарға сәйкес дереу хабарлау, тергеп-тексеру және есепке алудың міндеттілігі және оларды одан әрі болдырмау үшін тиімді шаралар әзірлеу мақсатында түпкі себептерін әділ анықтау;

 ЕмбіМұнайГаз <small>АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО</small>	«Ембімұнайгаз» АҚ-ның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздік саласындағы саясаты		
Саясат	ЕМГ-С-105-01	Басылым-2	3 беттің 3-шісі

- қызметкерлердің өздерінің немесе қоршаған адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайдың туындауы кезінде қызметкерлердің жұмыстарды орындаудан бас тарту құқығының кепілдік етілуін ұсыну;

- ҚжЕК, ӨжӨҚ мәселелері бойынша қызметкерлерді үздіксіз оқыту және біліктілігін арттыру;

- қызметкерлердің және өндірістік нысандардың апатты және төтенше жағдайларда әрекет етуге әрдайым дайындығын қамтамасыз ету;

- ҚжЕК, ӨжӨҚ бойынша корпоративтік талаптарды сақтау үшін мердігерлік ұйымдардың жауапкершілігі;

- акционерлер, серіктестер, қызметкерлер, мемлекеттік органдар, қоғам мен басқа мүдделі тараптардың алдында ҚжЕК, ӨжӨҚ саласындағы қызмет аспектілері туралы ашықтылығы мен ақпараттылығы, оның мазмұнының сенімділігі мен жеделдігін қамтамасыз ету;

- осы Саясаты сақтау және қол жеткізілген прогресті анықтау мақсатында ҚжЕК, ӨжӨҚ саласындағы басқару жүйесінің нәтижелілігін бағалау және талдауды тұрақты негізде жүзеге асыру.

Саясаттың қолданысы Қоғамның барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ жасалатын шарттарда көрсетілген талаптарға сәйкес Қоғам объектілерінде қызмет көрсететін, оның ішінде көлікпен тасымалдауды орындайтын мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне таралады.

Осы құжат барлық мүдделі тараптар үшін ашық және қол жетімді болып табылады.

Қоғам басшылығы ҚжЕК, ӨжӨҚ басқару жүйесіне қажетті ресурстар мен жағдайларды қамтамасыз етуге жауапкершілік алады.

“Ембімұнайгаз” АҚ
БАСҚАРМА
ПРАВЛЕНИЕ